

«Қауіпсіз балалық шақ»

Мақсаты:

Балалардың өмір қауіпсіздігі туралы білімдерін қалыптастыру, түрлі қауіп-қатер жағдайларында өзін дұрыс ұстауға үйрету, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелерін меңгерту;
- өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету жолдарын түсіндіру;
- тұрмыста және қоғамдық орындарда өзін қауіпсіз ұстауға дағдыландыру;
- жеке қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- сақтық, ұқыптылық және өз өмірі мен денсаулығына қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру.

Тақырыптық анықтама:

Іс-шара барысында балалар жол қозғалысы ережелері, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстағы және табиғат аясындағы қауіпсіздік қағидаларымен танысады. Танымдық әңгімелер, бейнематериалдар, дидактикалық және рөлдік ойындар арқылы түрлі өмірлік жағдаяттарды талдап, қауіпсіз шешім қабылдауды үйренеді. Сонымен қатар «Бағдаршам», «Қауіпсіз жол», «101, 102, 103, 112» жедел қызмет нөмірлерін есте сақтауға арналған ойындар ұйымдастырылып, қауіпсіздік белгілерінің мағынасы түсіндіріледі. Балалардың өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарау, сақтық шараларын сақтау және төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету дағдылары қалыптастырылады. Іс-шара соңында қауіпсіз мінез-құлық ережелері қорытындыланып, балалардың білімдері сұрақ-жауап және ойын арқылы бекітіледі.



InCollage